

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісіндегі
«Ақ жол» партиясы
фракциясының депутаттары**

**Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісіндегі
«Nur Otan» партиясы
фракциясының депутаттары**

*2021 жылғы 14 сәуірдегі
№ ДС-148*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің Ә. Бөкейханды ұлықтау жөніндегі депутаттық сауалдарыңызға қатысты мынаны хабарлаймын.

Бүгінгі күні республика деңгейінде Алаш қайраткерлерінің есімдері 200-ден аса білім және мәдениет мекемелеріне берілген. Алматы қаласында, Атырау, Ақмола, Ақтөбе, Маңғыстау, Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында Алаш арыстарының есімдерімен елді мекендер, аудандар, алаңдар, көшелер мен түрлі нысандар аталып, оларға арналған ескерткіштер орнатылған.

Ә. Бөкейханның есімі Қарағанды облысында ерекше ұлықталып келеді. 1998 жылы Ақтоғай ауданында «Үш арыс» (Ә.Бөкейхан, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков) ескерткіші орнатылды. Қазіргі таңда ескерткіш тұрған жер «Алаш» алаңы деп аталады. 2013 жылы Ә. Бөкейханның туған жері – Ақтоғай ауданында, Жекежал қыстауының орны топырақтан аршылып, іргетасы ретке келтірілді. 2016 жылы Ақтоғайдағы Ә.Бөкейхан атындағы мектеп алдында оған арналған бюст қойылды. 2019 жылы Қарқаралы қаласында Алаш арыстары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Әлімхан Ермековке арналған ескерткіш ашылды.

Әлихан Бөкейханның 155 жылдық мерейтойы қарсаңында биыл Қарағанды қаласындағы Октябрь ауданына ұлт қайраткерінің есімі берілді. Жалпы өңірде Ә. Бөкейханның есімі 11 көше, 4 мектепке тіркелген.

Шымкент қаласында, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында Ә. Бөкейханның есімі көшелер мен мектептерге берілген.

***Анықтама:** Ә. Бөкейханның есімі Ақмола обл. – 16 көшеге; Ақтөбе обл. – 2 көшеге; Атырау обл. – 5 көшеге; Жамбыл обл. – 7 көше мен 2 мектепке; Қызылорда обл. – 2 көше мен 1 мектепке, Павлодар обл. – 2 көшеге; Түркістан обл. – 5 көше мен 2 мектепке, Шығыс Қазақстан обл. – 9 көше мен 2 мектепке берілген.*

2020 жылы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Қазақ орман шаруашылығы және агромелиорация ғылыми-зерттеу институтына Ә. Бөкейханның есімі берілді.

Сонымен қатар Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық аграрлық университетіне Ә. Бөкейханның есімін беру мәселесі заңнамада белгілінген тәртіппен қаралады.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің мәліметіне сәйкес Тұран даңғылы мен Сығанақ көшелерінің қиылысындағы аллеяға «Алаш» атауын беру мәселесі алдағы уақытта қалалық ономастика комиссиясының кезекті отырысында талқыланады. Сонымен бірге астана әкімшілігі ағымдағы жылы Алаш арыстарына ескерткіш орнатуды жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта ескерткішті орналастыру нұсқалары қарастырылуда.

Жалпы Алаш қайраткерлерінің есімін ұлықтау жұмыстары жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында

Е. Тоғжанов

Орындаған: Ә. Тұрғанбаев, 745674